



GALAXY
INTERNATIONAL
SCHOOL

Galaxy Халықаралық Мектебі
4нші ықшам ауданы, 9, 050062
Алматы қаласы, Қазақстан
+7 727 2437780

www.galaxy.edu.kz

Galaxy International School
Microdistrict 4, 9, 050062
Almaty City, Kazakhstan
+7 727 2437780

www.galaxy.edu.kz

Бекітілді:
«Galaxy» Халықаралық мектебі
мекемесінің директоры
Эрметов Б.
«_____» _____ 2024 ж.

**«Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінің
Lower Secondary / IGCSE /A-Level
сыныптарында оқуға грант иегері Байқауы туралы**

ЕРЕЖЕ

(жалпы білім беру мекемелерінің оқушыларына арналған)

Алматы, 2024

1. Жалпы ережелер

Осы ереже «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінің **Lower Secondary / IGCSE / A-Level сыныптарында** оқуға толық және жартылай (ішінара) гранттарын беру Байқауын өткізу тәртібін анықтайды.

Байқаудың миссиясы- жалпы білім беру ұйымдары оқушыларының оқу-танымдық іс-әрекеттеріне ынталандыру.

Байқаудың мақсаты - ең талантты және дарынды оқушыларды анықтау және қолдау көрсету

Байқаудың міндеттері - жалпы білім беру ұйымдарының оқушыларын «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінде оқуға тарту

- қатысушыларды **Cambridge** халықаралық білім беру жүйесімен таныстыру

2. Қатысу ережелері

- Байқауға Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің 6-шы, 8-ші және 10-шы сынып оқушылары қатысады
- Байқауға қатысу үшін өтінімді 2024 жылдың 13 сәуіріне дейін тапсыру қажет
- Байқауға қатысу және өтінімді тіркеу төмендегі сілтеме бойынша жүргізіледі: <https://forms.gle/C2evxU6EL7Xkbov48>
- Байқаудың форматы- офлайн қатысу
- Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар:
 1. 6-шы, 8-ші және 10-шы сыныптар үшін: ағылшын тілінің жоғары деңгейі.
- Шығындар: жол, ас және қонақ үй шығындары қатысушының тарапынан төленеді
- Байқаудың жұмыс тілі – ағылшын тілі.
- Емтихан жарнасы - 5000 теңге

2.1 Ақшаны қайтару саясаты

1. Қайтару құқығы:

- Тек емтихан жарнасын төлеген үміткерлер үшін ақшаны қайтару қарастырылады.
- Қайтару туралы өтініштер төлем жасалған күннен бастап 14 күн ішінде жазбаша түрде берілуі керек.

2. Қайтарылмайтын жағдайлар:

- Егер үміткер емтиханнан өз еркімен бас тартса немесе белгіленген күні келмесе, емтихан жарнасы қайтарылмайды.
- Кешіктірілген немесе толық емес өтінімдер үшін ақша қайтарылмайды.

3. Ақшаны қайтару процесі:

- Төлемді қайтаруды сұрау үшін үміткерлер grant@galaxy.edu.kz электрондық поштасы арқылы келесі мәліметтерді қоса жазбаша өтініш жіберуі керек:

Толық аты-жөні

Байланыс ақпараты

Төлемді растайтын құжат

IBAN банк шоты

Қайтару сұрауының себебі

- Қайтару сұрауы қаралғаннан кейін 14 жұмыс күні ішінде жауап беріледі.

4. Қайтару сомасы:

- Қайтару мақұлданса, емтихан жарнасының бастапқы сомасы үшін өңделеді.
- Қайтару сомасынан өңдеу комиссиясы немесе әкімшілік комиссиялар шегерілуі мүмкін.

5. Ерекше жағдайлар:

- Төтенше, медициналық жағдайлар сияқты ерекше жағдайларға байланысты ақшаны қайтару туралы өтініштер жеке жағдайда қарастырылады. Тиісті құжаттама қажет болуы мүмкін.

Байланыс ақпараты:

- Төлемді қайтару туралы сұраулар немесе ақшаны қайтару туралы сұрау салу үшін grants@galaxy.edu.kz мекенжайы бойынша бізге хабарласыңыз.

Саясат жаңартулары:

- Бұл қайтару саясаты өзгеруі мүмкін. Кез келген жаңартулар біздің ресми сайтымызда жарияланады.

3. «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінде оқуға берілетін гранттың шарттары

3.1 «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінде оқуға толық немесе жартылай (ішінара) грант келесі кезеңге беріледі:

- - 6-сынып оқушылары үшін: 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 8-сыныптың аяғына дейін Cambridge Lower Secondary білім беру бағдарламасы бойынша оқу мүмкіндігімен.
- - 8-сынып оқушылары үшін: 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 10-сыныптың аяғына дейін Cambridge Upper Secondary білім беру бағдарламасын оқу мүмкіндігімен.

- - 10-сынып оқушылары үшін: 2024-2025 оқу жылының 1-тоқсанының басынан 12-сыныптың аяғына дейін, Cambridge Advanced Level (A-level) бойынша оқу мүмкіндігімен.

«Galaxy» халықаралық мектебі мекемесінде оқытылатын Кембридж халықаралық оқу бағдарламасы туралы ақпарат

Cambridge Lower Secondary:

- Жас тобы: әдетте 11 мен 14 жас аралығындағы оқушыларға арналған.
- Сынып: Қазақстандық мектептің 6-8 сыныптарымен пара-пар.
- Оқу жоспары: Бұл кезең бастапқы білімге негізделеді және әртүрлі пәндер бойынша маңызды дағдылар мен білімдерді дамытуға бағытталған. Бұл бағдарлама кең ауқымды білім беретін икемді оқу бағдарламасын ұсынады.
- Пәндер: Ағылшын тілі, математика, жаратылыстану негізгі пәндер болып саналады. Осы пәндеге қосымша гуманитарлық ғылымдар, тілдер оқытылады.
- Емтихан: Бағалау оқушының ағылшын, математика және жаратылыстану ғылымдары бойынша білімін түсінуін және қолдануын өлшеу үшін жазбаша және практикалық прогрессивті бағалауды қамтиды.

Cambridge Upper Secondary:

- Жас тобы: 14 пен 16 жас аралығындағы оқушыларға арналған.
- Сынып: Қазақстандық мектептің 9-10 сыныптарымен пара-пар.
- Оқу жоспары: Бұл деңгейде Lower Secondary сатысында қаланған іргетасқа негізделіп әр пәнді тереңірек оқиды. Оқушылар қызығушылықтарына байланысты белгілі бір салаларды таңдай бастайды.
- Пәндер: Lower Secondary деңгейіндегі негізгі мен қосымша пәндер осы деңгейде де қалады. Оқушылар өз қызығушылықтарына қарай белгілі пәндерді емтиханда таңдау мүмкіндігі бар. Оқу бағдарламасы студенттерді Кембридж халықаралық жалпы орта білім сертификаты (IGCSE) емтихандарына дайындайды.
- Емтихан: Бағалау жазбаша, практикалық емтихандардан және курстық жұмыстардың жиынтығын қамтиды. Осы кезеңнің соңында IGCSE емтихандары халықаралық деңгейде мойындалған біліктілік болып табылады. Галакси халықаралық мектебінде **математика және ағылшын тілі міндетті пәндер болып табылады**, оқушыларға үш таңдау пәнін алу ұсынылады.

Cambridge Advanced Level (A-level):

- Жас тобы: Әдетте 16 мен 19 жас аралығындағы оқушыларға арналған.
- Сынып: Қазақстандық мектептің 11-12 сыныптарымен баламалы.

- Оқу жоспары: Оқу IGCSE негізінде құрылады және таңдалған пәндер бойынша кеңейтілген, мамандандырылған оқуды ұсынады. Бағдарлама университеттік білім алуға дайындық кезеңі ретінде саналады .
- Пәндер: Оқушылар көбінесе қызығушылығына қарай немесе болашақ мансаптық мақсаттарға назар аудара отырып пәндердің белгілі бір санын таңдайды. Оқу бағдарламасы қиын әрі сыни тұрғыдан ойлауға баулыды.
- Емтихан: Бағалау негізінен курстың соңында жазбаша емтихандардан тұрады. Ғылыми пәндерді бағалау зертханалық жұмыстарды қамтиды. A-level әлемдік деңгейде жоғары бағаланады және әдетте университеттерге түсу біліктілігі ретінде пайдаланылады.

3.2.1 Грант нені қамтиды:

- Оқу ақысы
- Емтихан ақысы*
- Мектеп жатақханаларында тұру*

*Жеңілдіктерге негізделген ақы түзетулері:

Емтихан мен тұру ақысын өтеу шәкіртақы жеңілдіктеріне байланысты өзгереді. Мысал: 70% жеңілдікпен оқитын оқушы емтихан мен жатақханада тұру ақысының 30% ғана төлейді.

3.2.2 Тамақ, транспорт және мектеп формасы грант бөлігі ретінде қарастырылмайды.

3.3.1 Оқушылар міндетті:

- Мектеп басшылығы белгілеген ішкі тәртіпті сақтау.
- Барлық пәндер бойынша жылдық баға бойынша орташа балл 85% және одан жоғары болуы тиіс.
- Оқушының сыныбына сәйкес **Secondary Checkpoint, IGCSE, A-level - AS/A2** міндетті емтихандарын тіркелу

3.3.2 Емтихандар жайлы ақпарат

- **Secondary Checkpoint** емтихандары бағдарламасын жалғастыратын 6-сынып оқушылары ағылшын, математика және жаратылыстану пәндерін тапсыруы керек.
- **IGCSE** емтихандары бағдарламасын жалғастыратын 8-сынып оқушылары тандамалы кемінде 4 пәннен емтихан тапсыруы керек.
- **A-level** емтихандары бағдарламасын жалғастыратын 10-сынып оқушылары кемінде 3 пәннен тандамалы емтихан тапсыруы керек.

3.4 Жоғарыда айтылған талаптар орындалмаған жағдайда мектеп басшылығы грантты жою құқығын өзіне қалдырады.

4. Байқауды өткізу тәртібі

Байқау екі кезең бойынша өткізіледі:

- **1-кезең** – пән бойынша жазбаша емтихан
 - **6-шы сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика, Жаратылыстану (Science)
 - **8-ші сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика, Жаратылыстану (Science)
 - **10-шы сынып** оқушылары үшін: Ағылшын тілі, Математика; қосымша таңдамалы пән: Физика, Химия, Биология, География, Тарих

Өткен жылдың мақалаларын [мына](#) сілтемеден жүктеп алуға болады.

Бірінші кезең нәтижелері бойынша ең жоғары балл жинаған оқушылар байқаудың екінші кезеңіне өтеді.

- **2-ші кезең** – ауызша емтихан: Ағылшын тілінде сұхбат
 - Екінші турға қатысу үшін grants@galaxy.edu.kz электрондық поштасы арқылы келесі құжаттарды тапсыру қажет.
 - 1) Мектептен анықтама(3x4 суретпен бірге)
 - 2) Табель (бағалар тізімі):
 - 6 сыныпқа: 1-ден 6-ға дейін
 - 8-сыныптар үшін: 5-тен 8-ға дейін
 - 10 сыныптарға: 5-тен 10-ге дейін
 - 3) шет тілдерді игеру деңгейін (болған жағдайда), жарыстар мен олимпиадаларға қатысқандығын растайтын мақтау қағаздары, сертификаттар және дипломдар.
- Екінші кезең нәтижелері бойынша байқау жеңімпаздары анықталады.

	Өте маңызды	Маңызды	Қаралады	Қаралмайды
1-ші кезең емтихан нәтижесі	x			
Бағалар, Академиялық GPA		x		

Сыныптан тыс жұмыстар		x		
Жазбаша эссе(1нші кезең Ағылшын тілі)	x			
Сұхбат		x		
Волонтерлік жұмыс			x	

1-кесте. «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесі көңіл бөлетін қабылдау факторлары.

- Бұл байқауда апелляция мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Байқаудың өтетін орны мен уақыты

Байқау төменгі мекен-жай бойынша өтеді:

«Galaxy» халықаралық мектебі мекемесі, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Әуезов ауданы, 4-ші ықшам ауданы, 9- шы үй (бұрынғы 74-ші үй)

Байқаудың өтетін уақыты:

- 1-ші кезең - 20 сәуір 2024 жыл
- 2-ші кезең - 18 мамыр 2024 жыл

6. Қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау

Байқау нәтижелерін қорытындылау және марапаттау Байқаудың ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

Жеңімпаздарға келесідей көлемде толық және ішінара гранттар тағайындалады:

6-шы сыныптарға:

50% жеңілдік – 4 орын;

40% жеңілдік – 2 орын;

30% жеңілдік – 2 орын;

8-ші сыныптарға: толық - 100 % және 90%, 80%, 70%, 60%, 50%, 40%, 30% ішінара гранттар – 1 орыннан.

10-шы сыныптарға: толық - 100 % және 90%, 80%, 70%, 60%, 50%, 40%, 30% ішінара гранттар – 1 орыннан.

Мектеп басшылығы қосымша грантты және қосымша ішінара гранттарды беруге құқылы.

7. Ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастырушылар: «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесі

Байқауға жауапты тұлға: Биназар Жасұлан Еркебұланұлы

Байқау үйлестірушілері: Абдуалиева Гулим Нуртлеуовна
Бакиева Сабина Ерқыновна
Мажитов Бекзат Мұхамедұлы

Байқауды ұйымдастыру және өткізу туралы қосымша ақпарат:

+7 (727) 243 77 80

+7 (702) 203 00 20

Эл. пошта: grant@galaxy.edu.kz

8. Қорытынды ережелер

Бұл Ережені «Galaxy» халықаралық мектебі мекемесі директоры бекітеді.
Бұл Ереженің әрекет ету мерзімі – байқауды өткізу кезеңі болып табылады.